

*«Әлеуметтік-экономикалық даму және 2022 жылғы қаңтар-шілдедегі республикалық бюджетті орындау қорытындылары туралы»
ҚР Үкіметі отырысындағы ҚРҰБ баяндамасы
Нұр-Сұлтан қ., 2022 жыл, 16 тамыз*

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Құрметті әріптестер!

Әлемдегі инфляцияның өсуі, ақша-кредит саясатының күшеюі, рецессия тәуекелдері аясында жаһандық нарықтарда тұрақсыз жағдай сақталып отыр.

2-слайд (Шілдеде жаһандық іскерлік белсенділіктің қарқыны 25 ай қатарынан өсуді тоқтатып, ең төменгі деңгейге дейін төмендеді)

Шілдеде жаһандық іскерлік белсенділік 25 ай бойы өсуін тоқтатып, ең төменгі деңгейге дейін баяулады. Дегенмен, бұл көрсеткіш әлі оң аймақта.

Шілдеде өндіріс, тапсырыс беру және жұмыспен қамту өсуін баяулатты. Ол негізінен **дамыған** елдерде байқалды. Сонымен қатар, **дамушы** нарықтар **11,5 жыл** ішінде маусымдағы өсудің ең жоғары деңгейіне жақындап, тұрақтылықты көрсетті.

Кәсіпорындарда жүргізілген сауалнама бойынша әлемдегі **инфляциялық қысым** біртіндеп әлсіреп келеді. **Шикізат пен шығындардың бағасы** өсуін баяулатты. Соған қарамастан, шығындар мен дайын өнім бағасының өсу қарқыны тарихи тұрғыдан жоғары мәндерді көрсетуін жалғастырып келеді.

Сонымен қоса, халықаралық ұйымдардың күтулері бойынша, инфляция болжамы жоғары және оның деңгейі ұзақ уақыт кезеңінде жоғары болып қалады.

3-слайд (Шілдеде Халықаралық Валюта Қоры 2022 жылы әлемдік

экономиканың өсу болжамын 3,6%-дан 3,2%-ға дейін төмендеу жағына қарай екінші рет нақтылады)

Биылғы 26 шілдеде **Халықаралық Валюта Қоры** Украинадағы қақтығысқа, еңбек нарығының теңгерімсіздігіне және инфляциялық күтулердің өсуіне байланысты биылғы әлемдік экономиканың өсуіне қатысты болжамды **3,6%-дан 3,2%-ға** дейін төмендеу жағына қарай екінші рет нақтылады.

Әлемдік экономиканың өсу болжамының нашарлауына қарамастан, Халықаралық Валюта Қоры Қазақстан бойынша биылғы жалпы ішкі өнімнің өсуін **2,3%-дан 2,9%-ға** дейін жақсару жағына қарай қайта қарады. Жалпы алғанда, дамушы елдер экономикасының өсуі дамыған елдерден жоғары болады.

Жаһандық инфляция болжамы азық-түлік пен энергия тасымалдаушылар бағасының, сұраныс пен ұсыныс арасында сақталып отырған дисбаланстың есебінен көтерілді. Халықаралық Валюта Қорының болжамы бойынша, биылғы **3-тоқсанның** соңында әлемдегі инфляция ең жоғары көрсеткіш **9%-ға** жетеді. Халықаралық Валюта Қорының болжамдарына сәйкес **дезинфляциялық ақша-кредит саясаты 2023 жылы өз ықпалын тигізеді.**

Халықаралық Валюта Қорының пікірінше, өсіп жатқан бағалар әлемдегі өмір сүру деңгейін төмендетуді жалғастыруда және **инфляцияны тоқтату** үкіметтер мен монетарлық билік өкілдерінің **бірінші кезектегі** міндеті болуға тиіс. Ақша-кредит саясатын күшейту экономикалық

шығындардың туындауына алып келгенімен, мерзімін кешіктіру оларды күшейте түседі. Халықтың барынша осал топтары үшін бюджеттік қолдау олардың салдарын жеңілдетуге қабілетті болғанмен, пандемияға байланысты мемлекеттік бюджеттің азайып, макроэкономикалық саясаттың дезинфляциялық жалпы бағытталуы қажет болғандықтан, саясаттың мұндай шараларын мемлекеттік шығыстарды төмендетумен өтеу қажет болады.

4-слайд (Шілдеде Қазақстандағы айлық инфляцияның өсу қарқыны баяулағанмен, бұрынғысынша жоғары деңгейде қалып отыр)

Шілдеде Қазақстанда **айлық инфляцияның** өсу қарқыны әлі де болса жоғары деңгейде болғанмен, бір ай бұрынғы **1,6%-дан 1,1%-ға** дейін баяулады. Шілдеде орта есеппен соңғы 5 жылда айлық инфляция **0,3%-ды** құрады.

Баға өсуінің баяулауы жеміс-көкөніс өнімдерінің маусымдық арзандауының әсерінен болды. Іске асырылып жатқан **ынталандырушы фискалдық саясат** аясында **экономикадағы сақталып отырған сұраныс, геосаяси шиеленіс пен нарықтардағы теңгерімсіздіктер** жағдайында экономиканың сыртқы және ішкі секторларындағы қысым тұтыну бағаларының өсуін баяулатуға кедергі болады.

Шілдеде **жылдық инфляция** 14,5%-дан **15%-ға** дейін өсті. Бұл ретте инфляцияға азық-түлік бағасының өсуі ең көп үлес қосуда. Мысалы, азық-түлік инфляциясы 19,2%-дан **19,7%-ға** дейін, азық-түлікке жатпайтын инфляция 13,2-дан **14,2%-ға** дейін жеделдеді.

Ақылы қызметтердің инфляциясы айлық өсудің

салыстырмалы жоғары көрсеткішіне қарамастан, 2021 жылғы жоғары базаның әсеріне байланысты **9,2%** деңгейінде өзгеріссіз қалды. Осылайша, экономикадағы инфляциялық қысым жоғары деңгейде сақталуда.

Инфляцияның және инфляциялық күтулердің жеделдеуін, олардың тұрақтылығын, сұранысты фискалдық ынталандыруды және сыртқы проинфляциялық жағдайды ескере отырып, Ұлттық Банк биылғы **25 шілдеде базалық мөлшерлемені** 14%-дан **14,5%**-ға дейін көтерді. Бұл алдағы жылы инфляцияға біртіндеп әсер ететін болады.

5-слайд (Доллардың жаһандық нығаюы теңгеге қысым көрсетеді)

Биылғы шілдеде **теңгенің** долларға қатысты **бағамы** 1 долларға шаққанда **477,07** теңгеге дейін **1,5%**-ға әлсіреді.

Теңгенің айырбастау бағамына, сондай-ақ дамушы нарықтардың валюталарына жасалған қысым АҚШ Федералды резервтік жүйесінің ақша-кредит саясатының **белсенді түрде күшеюіне** және **доллар бағамының жаһандық нығаюына** ықпал етті. **Әлемдік экономиканың перспективасына** қатысты алаңдаушылық жағдайында мұнай бағасын белгілеу барреліне **100 доллардан төмен** түсті.

Ішкі факторлардың ішінде демалыс кезеңі мен дивидендтер төлеу жаз айларында шетел валютасына **сұраныстың маусымдық өсуіне** ықпал етті.

Биылғы қаңтар-шілде айларында квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімді сатуы, Ұлттық қордан республикалық бюджетке **трансферттерді**

қамтамасыз ету үшін валютаны сату және ҚРҰБ валюталық интервенциялары теңгеге қолдау көрсетті.

Әлемнің жетекші орталық банктерінің мөлшерлемелерді белсенді түрде арттыруына және әлемдік экономиканың перспективаларына қатысты қауіптер дамушы елдер (ЕМ) валюталарының, оның ішінде теңгенің құбылмалылық факторлары болып табылады.

6-слайд (Мұнайдың жоғары бағасы ағымдағы шотты жақсартты)

Биылғы бірінші жартыжылдықтың алдын ала қорытындылары бойынша, төлем балансының ағымдағы шоты 6,6 млрд доллар көлеміндегі профицитпен қалыптасты.

Сауда балансының профициті (өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда) тауарлар экспортының импорттан басым өсуі есебінен 12,5 млрд долларға ұлғайып, 21,6 млрд долларды құрады. Соған қарамастан, төлем балансы әдіснамасы бойынша тауар импорты 2,9 млрд долларға немесе 20,7 млрд долларға дейін 16%-ға жуық өсті.

Шетелдік тікелей инвесторлардың кірісі 13,5 млрд долларға дейін 2,8 млрд долларға ұлғайды.

Ағымдағы шоттың профициті орнықсыз болып, шикізаттың, бірінші кезекте мұнайдың әлемдік бағасының жоғары деңгейін көрсетті.

7-слайд (Халықаралық резервтер осы жылғы шілдеде өсті)

Жалпы халықаралық резервтер осы жылғы шілденің соңында 85,9 млрд долларды, оның ішінде ҚРҰБ алтын-валюта активтері – 32,8 млрд долларды, Ұлттық қордың

активтері – **53,1 млрд** долларды құрады.

Республикалық бюджетке **3 трлн** теңге трансферттер бөлу үшін биылғы 7 ай ішінде Ұлттық қордың валюталық активтері **3,3 млрд** долларға сатылды. Мұнай бағасының едәуір өсуі аясында Ұлттық қорға түсімдер жыл басынан бері (өткен жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда) **шамамен 3,5 есеге** ұлғайып, **3,4 трлн** теңге болды.

Ұлттық қордың орташа жылдық **кірістілігі** құрылғаннан бастап биылғы шілде аралығында **3,17%-ды**, соңғы **5 және 10** жылда – жылдық көрсеткіште, тиісінше, **1,70%** және **1,67%-ды** құрайды.

8-слайд (Біріңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері өсуде)

Биылғы шілденің қорытындысы бойынша, **Біріңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері 13,7 трлн** теңгені құрап, осы жылдың басынан бері **609 млрд** теңгеге немесе **4,7%-ға ұлғайды**. Инвестициялық кіріс көлемі осы жылдың басынан бастап **519,5 млрд** теңгені құрады.

Зейнетақы активтерінің **кірістілігі** соңғы 12 айда **8,2%** болып, зейнетақы активтерінің жинақталған кірістілігі **5** жыл ішінде жинақталған инфляциядан **7,3 пайыздық тармаққа** асып түсті.

9-слайд (Төлем жүйесі қарқынды дамуда)

Биылғы 6 айда халықтың **қолма-қол ақшасыз операциялары 44,4 трлн** теңгеге дейін немесе **48%-ке** өсті. **Онлайн төлемдердің үлесі 83%-тен** асты.

Цифрлық қаржы инфрақұрылымын құру және цифрлық

қаржылық сервистер экожүйесін одан әрі дамыту мақсатында осы жылы шілдеде **Open API және Open Banking-ті дамыту жөніндегі баяндама** жарияланды.

Сонымен қатар, **«Цифрлық теңге»** жобасы бойынша іс-шаралар жүзеге асырылып отыр.

Назарларыңызға рақмет!